Автор: Назар Арайлым Назарқызы
Пән: Химия
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Ауа. Жану реакциясы
Тақырып: Ауа. Ауа құрамы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.1-ауа құрамын білу; 7.3.1.2 -заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу 7.3.1.3 -атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар білу керек: • Ауаның сапалық және сандық құрамын біледі • Жану процесіне оттектің жұмсалатынын біледі • Жану өнімдерінің ауаны ластайтынын түсіну Көптеген оқушылар білу керек: • Затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атайды Кейбір оқушылар білу керек: • Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы туралы қорытынды жасайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты арнайы лексиканың көмегімен балауыз шамның ауада жану сынақ нәтижелерін ауызша сипаттайды Пәнге қатысты лексика мен терминология: Ауа, ауа құрамы, азот, оттек, көмірқышқыл газы, инертті газдар, көмірсутек, су буы, жалын, күйе, жану, жану өнімдері. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер • Ауа құрамы .... газдардан тұрады. • ..... жанған кезде ..... өнімдер түзіледі. ..... бірден өшпейді, ... тікелей өшер алдында сары түске еніп .....түзіледі, бұл жағдайда стаканның ішкі бөлігі ..... бөленеді.
Күтілетін нәтиже:	• Ауаның құрамын анықтайды • Жану процесі оттектің қатысында жүретінін айтады • Ауаны ластаушы көздерді анықтап, оны қорғаудың маңызын түсінеді
Бағалау критерийлері:	• Ауаның құрамын білу • Жану процесі оттектің қатысында жүретінін білу • Ауаны ластаушы көздерді анықтап, оны қорғаудың маңызын түсіну
Құндылықтарды дарыту:	Бір-біріне құрмет Жауапкершілік Өмір бойы білім алу Өз бетімен жұмыс орындау кезінде адалдылық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд, ДЖигсо
Бастапқы білім:	Жер атмосферасы (Жаратылыстану 5-сынып) 5.2 Ауа (Ғылымға кіріспе 1-4 сыныптар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу, Шаттық шеңберін құру, Бір – біріне тілек айту арқылы көңіл-күй ахуалын қалыптастыру. Оқушыларға 4 түрлі сурет таратылады, оқушылар ұқсас суреттер арқылы топқа бөлінеді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Оқушылар топтасуда алған суреттері слайдта көрсетіледі. Сол суреттер бойынша «4 сурет 1сөз» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашады. Формальді емес бағалау Мәтінмен жұмыс (Фрайер моделі). Оқушылар мәтінді оқып, топ бойынша талқылап, негізгі мәліметтерді бір жүйеге келтіреді. 1-тапсырма «Ауа құрамы» Төмендегі берілгендерді жүйелеңіз. «Бас бармақ» арқылы бағалау Динамикалық үзіліс (гимнастика) 2-тапсырма. «Құбылысты анықтау, » Зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы». Құрал-жабдықтар:шыны ыдыс, балауыз шам, шырпы, құрғақ пробирка, ұстағыш. 1. Балауыз шамының жану процесін бақылай отырып құбылысты ажыратыңдар және түзілген өнімді атаңдар. 2. Жанып тұрған шамның жалынына шыныны әкеліп бақылаңыз, кейін шамды стақанмен жабыңыз.не байқалады? Болған құбылысты түсіндіріңіз «Үш шапалақ» арқылы бағалау Тапсырмалар дифференциацияланған	www.google.kz/search?q=воздух+фото&tbm=isch&imgil=EdVznId8-rIehM%253A%253BuvjKoW5G8xfsCM%253Bhttp%25253A%25252F%25252Fwww.razumniki.ru%25252Fchto_takoe_vozduh.html&source=iu&pf=m&fir=EdVznId8-rIehM%253A%252CuvjKoW5G8xfsCM%252C_&usg=__jjjpz-w86jir5YfptpYIgftr5nU%3D&biw=1366&bih=662&ved=0ahUKEwidi_nwzLzUAhXJHJoKHTK_DZYQyjcIPQ&ei=NMlAWZ2hAsm56ASy_rawCQ#imgrc=EdVznId8-rIehM:
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: Ауа.Ауа құрамы Балауыз щамның жануындағы физикалық және химиялық құбылыстарды табыңдар	
Рефлексия	Миыңның суретін сал Оқушылар мидың суретін дәптерге салады да, оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады.	